# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
# ШЕШІМ

2023 жылғы 4 қыркүйектегі №2713-23-00-2/1951 Орал қаласы

Батыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Хайруллина У.Е.
азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарап,

**ТАЛАП КОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Батыс Қазақстан облысының Төтенше жағдайлар департаменті» мемлекеттік мекемесі

**ЖАУАПКЕР:**
«Меркибаев» Меркибаев Даулет Адилович жеке кәсіпкер

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 3671 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою қанағаттандырылсын.

«Меркибаев» Меркибаев Даулет Адилович жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Меркибаев» Меркибаев Даулет Адилович жеке кәсіпкерінен (ЖСН 880311302405) мемлекет пайдасына 3671 (үш мың алты жүз жетпіс бір) теңге тұрақсыздық айыбы және 1835 (бір мың сегіз жүз отыз бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

**Судья** **Хайруллина У.Е.**

Құжатқа қол қойылған: Хайруллина У. Е., 04.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 16.10.2023, судья Хайруллина У. Е., 17.10.2023